

7M07103 – «Машина жасау» БББ түлектерінің моделі

Оқу нәтижесінде түлек:

Істей білуі тиіс:

- заманауи материалдар, нанотехнология және оларды зерттеудің заманауи әдістері саласындағы білім мен түсініктерді көрсету;
- кәсіби деңгейде білімдерін бөлшектер мен тораптарды есептеу, жобалық жұмыстарды орындау және техникалық және экономикалық құжаттаманы дайындау үшін қолдану;
- жалпы және арнайы мақсаттағы бағдарламалық құралдарды пайдалана отырып, дербес компьютерлерді қолдану арқылы практикалық мәселелерді шешуде қолданбалы бағдарламалық құралдарды пайдалану;
- кәсіби қызмет нысандарының техникалық жай-күйін бағалау, талдау жүргізу және оларды одан әрі пайдалану бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Білуі және түсінуі тиіс:

- ғылыми эксперимент, ғылыми зерттеулердің рефлексивті кезеңдері, теориялық және эксперименттік модельдер, оларды салыстыру әдістері ұғымын;
- қазіргі заманғы кәсіпорынның архитектурасы және бизнес-процестері;
- заманауи ақпараттық технологиялардың жағдайы мен даму үрдістері;
- машина жасау өндірісіндегі заманауи мәселелер;
- пайдаланушы кешендер кәсіпорындарының жұмысын тиімді ұйымдастыру әдістері;
- заманауи жабдықтардың жіктелуі және негізгі түрлері, жабдықтардың жұмыс принциптері;
- бағдарламалық қамтамасыз етудің негізгі сипаттамалары;
- бұйымдар өндіру технологиялары, процестерді математикалық модельдеу ережелері, машина жасау өндірістерінің құралдары;
- машина жасауда қолданылатын инновациялық технологиялар, өндірістік процестерді автоматтандыру шарттары мен құралдары.

Құзыретті болуы тиіс:

- мәселелерді талдау және шешім қабылдау;
- кәсіпорын қызметінің стратегиясы шеңберінде өзіндік басқару, басқа учаскелермен жұмыстарды үйлестіру;
- дайын өнімнің өндірісіне жауапкершілік: машиналар мен жабдықтар тораптарын дайындау, құрастыру және алдын ала сынау;
- өндіріс құралдарын, машиналар мен жабдықтар тораптарын дайындау және профилактикалау, елеулі өзгерістерге немесе дамуға әкелуі мүмкін қызмет процестерін жоспарлау және әзірлеу;
- өмір бойы өз білімдері мен дағдыларын жаңарту.